

Ақмола облысы Білім басқармасының «Астана қаласының №2 Дағын  
облыстық мамандандырылған  
мектеп-лицей-интернаты» КММ

**№2 «Дағын облыстық  
мамандандырылған  
мектеп-лицей-интернаты  
2022-2023 оку жылдарының  
аналитикалық-статистикалық психологиялық қызметінің  
жылдық есебі**

Астана 2023

**Педагог – психологтың аналитикалық-статистикалық қызметінің  
жылдық есебі**  
**«Астана қаласының №2 Дағын облыстық мамандандырылған  
мектеп-лицей-интернаты» 2023 оқу жылы**

**1. Оқу орны туралы анықтама:**

-Оқушылардың саны: 193

-Сыныптардың саны: 14

**Психологиялық қызметтің мақсаты:** психологиялық денсаулықты сақтау оқушыларға қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау білім беруді үйімдастырудың климат және психологиялық қолдау көрсету оқу үдерісіне қатысушылар.

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- Тек қана ата-аналарының қалауы мен рұқсатымен оқушыларды психологиялық бақылау және сүйемелдеу;
- Жалпы орта білім беру мекемелеріндегі білім алушылардың дамуының әлеуметтік жағдайына мониторинг жүргізу;
- Негізгі проблемаларды талдау және олардың туындау себептерін, оларды шешу жолдары мен құралдарын анықтау;
- Оқушылардың тұлғалық және интеллектуалдық дамуына, табысты әлеуметтенуіне, өзін-өзі дамыту және кәсіби өзін-өзі анықтау қабілетін қалыптастыруға көмектесу;
- Оқушылардың психологиялық және әлеуметтік қыындықтарының алдын алу және проблемаларының алдын алу;
- Әлеуметтік-психологиялық климатты үйлестіру, қауіпсіз білім беру ортасын құру бойынша педагогикалық ұжымның қызметіне жәрдемдесу; оқушылардың психологиялық мәселелерін шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін тандауда ата-аналар мен мұғалімдерге кеңес беру;
- Білім беру органдарының немесе жекелеген білім беру үйімдарының бастамасы бойынша өткізілетін жалпы орта білім беру үйімдары мамандарының кәсіптік қызметіне, оқу бағдарламалары мен жобаларына, оқу-әдістемелік кешендерге кешенді психологиялық-педагогикалық сараптамаға қатысу;
- Білім беру үдерісіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру, жалпы орта білім беру үйімдарының тәжірибесіне отандық және шетелдік психология саласындағы жетістіктерді таратуға және енгізуге ықпал ету.

Психологиялық қызметтің жұмысы оқу жылының басында алға қойылған мақсат-міндеттер негізінде жүргізілді. Барлық міндеттер шешілді (сонымен қатар мектеп әкімшілігі енгізген толықтырулар мен өзгерістерді ескере отырып), оның нәтижесі психологиялық мәліметтер базасы болып табылады.

Психодиагностика коррекциялық сынның оқушыларының психологиялық денсаулық жағдайын диагностикалауға басымдық берілді. Өткен есепті

кезеңде елімізде дені сау және табысты ұрпақты қалыптастырудың ең маңызды элементі ретінде балалардың психологиялық денсаулығын зерттеу мақсатында мектептің барлық сыйыптарымен негізгі диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

Психологиялық денсаулық көрсеткіштері ретінде келесі сипаттамалар зерттелді:

- ұжымдағы психологиялық ахуал;
  - мазасыздық деңгейі (әмбебап әдістер);
  - өзін-өзі бағалау деңгейі;
  - стресске төзімділік деңгейі;
  - белгілі бір сыйыптардағы агрессивтілік деңгейі;
- Сондай-ақ келесі сипаттамалар зерттелді:
- мектептің орта және жоғары деңгейіндегі оқу мотивациясының диагностикасы;
  - 7 сыйыпта адаптациялық деңгейін диагностикалау;

Балалар сауалнамасының барлық деректері жиынтық парактарға енгізіледі. Деректер өндөледі және нәтижелері шығарылды. Әртүрлі сипаттамаларды диагностикалау нәтижелерін талдау балалардың психологиялық денсаулығының жай-күйінің деңгейін шыгару үшін барлық осы көрсеткіштерді (мазасыздық деңгейі, өзін-өзі бағалау, стресске төзімділік, психологиялық климат) қорытындылауға мүмкіндік береді.

Келесі диагностикалық әдістер орындалды:

- Оқуға жаңадан келген оқушылардың жеке құжаттары зерттелді.
- Өмірлік қыын жағдайға тап болған оқушылар мен олардың отбасы жайлы тәрбие ісі жөніндегі орынбасармен талқыланып, жұмыс жүргізілді.

Оқушылардың бейімделуіне байланысты диагностикалық жұмыс:

- Әр сыйыптан оқушылардың бейімделуіне байланысты сауалнамалар алынды.
- Әр баланың өз-өзі ұстасуы, сыйыппен қарым қатынасын байқау мақсатында оқушылардың оқу сабактарына қатыстық.

Диагностикалық жұмыстар:

- Жеке тұлғаның жетістікке деген мотивациясын анықтау (тест жұмыстары алынды)
- Құқықбұзушылықтың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді
- Емтихан кезінде өзін-өзі басқару өнері 11 сыйыптар (буклеттер таратылып, видеороликтер ұсынылды)
- Буллинг бойынша түсіндірме жұмыстары
- «Оқушының өз еркімен кәсібін анықтау» тренинг 9-11 сыйыптар
- Ата-аналармен пихихологиялық тренинг
- Мұғалімдермен «Психология сағаты» «Эмоционалды күйзеліс» атты психокоррекциялық жұмыс

Сабактарға қатысу – мұғалімнің, оқушының іс-әрекетіне қойылатын талаптарды бақылау

Психокоррекциялық жұмыс:

- Бейімделуінде қындық туындаған оқушылармен жұмыс
- Мазасыздану деңгейі жоғары оқушылармен жұмыс
- Психологиялық денсаулықты сақтау
- Оқушылармен жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілді

**1. Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы оқу-әдістемелік ынтымақтастық дағдыларын дамыту.** Топтық ұйымшылдық пен қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Тренинг сабактары оқушылар үшін өзін-өзі көрсетудің сүйікті түрі болып табылады. Оқушыларға арналған тренингтар – «Мен және менің сыныбым», «Релаксациялық жаттығулар».

7-8 сыныптар арасында «Менің сыныбым», «Өмір – баға жетпес сый», «Өмірдің мәнін айтайық» - релаксациялық жаттығулар өткізілді.

Сондай-ақ 7-11 сынып жасөспірімдердің тұлғааралық қарым-қатынасындағы қақтығыстардың алдын алу және оқушылар арасындағы қарым-қатынас пен жанжалды жағдайларды реттеу үшін «Қарым-қатынас құруды үйренеміз» шағын дәрістер жүргізілді.

7-8 сынып оқушыларына топтық ойын-тренингтер: «Ассоциация ойыны», «Суреттерді аяқтайық» оқушылардың логикалық ойлауды, ойша жұмыс істеу қабілетін жоғарлату үшін релаксациялық жаттығулар жасалынды.

Орта буын оқушыларымен интернет қауіпсіздігінің алдын алу профилактикалық жұмыс ретінде: «Компьютерлік ойындар: пайдасы немесе зияны?» тақырыптарында әңгіме және дәрістер жүргізілді.

Оқушылардың жағымды өмірлік ұстанымын қалыптастыру, оқушылардың стресске қарсы тұру дағдыларын дамыту үшін 10,11 сынып оқушылары мен тренинг «Өмір керемет!», «Стресстік жағдайлардағы адамның мінез-құлқы» тақырыптарында әігімелер өткізілді.

Сондай-ақ педагогтарға «Жетінші сынып оқушыларның психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында кеңестер мен ұсыныстар берілді. Педагогтерге кеңес беру барысында «ата-аналармен жұмыста жанжалсыз қарым-қатынас тәсілдері» тақырыбында кеңес берілді.

ҰБТ-ге және мемлекеттік дайындық кезінде психоэмоционалдық жүктемесінің алдын алу үшін және эмоционалды шамадан тыс жүктеменің алдын алу 9-11 сынып оқушыларымен «Бітіру емтихандарына қалай дайындалуға болады?», «Емтиханға психологиялық дайындық», «ҰБТ-ге психологиялық дайындық» буклеттер таратылып, чаттарға бейнероликтер жіберілді.

Эмоционалды жағдайларды басқаруда дағдыларды дамыту бағытында жоғарғы буын оқушыларымен «Сезім және эмоциялар» тақырыбы бойынша дәрістер болды.

## **2. Емтиханға психологиялық дайындық.**

Оқу жылының басынан 11-сынып оқушыларын емтиханға және ҰБТ-ге дайындық кезеңінде жүйелі психологиялық қолдау ұйымдастырылған. Оқу жылының басында бітірушілерге қорытынды мемлекеттік аттестацияға дайындық бойынша психологиялық-педагогикалық іс-шаралар бағдарламасы

жасалды.

Бағдарламаның мақсаты: бірінғай мемлекеттік емтиханға дайындық кезеңінде мінез-құлық стратегиясы мен тактикасын әзірлеу; өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бақылау дағдыларын үйрену; өзіне деген сенімділікті арттыру. Жоспарлы диагностикалық және түзету жұмыстары жүргізді. Сауалнамалар, диагностика және мұғалімдердің бақылаулары арқылы ҰБТ-ге қатысты «тәуекел топтары» анықталды, баланың қандай даму деңгейінде екенін және қандай жұмыстар атқару керкетігін көрсететін оқушылардың жеке кәсіби жоспарлары құрылды. Сонымен бірге сауалнамаларды талдағаннан кейін жеке-топтық түзету сабактары өткізілетін жеке және топтық сабактардың кестесі жасалды.

Корытындалар мен ұсыныстар: Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық кезеңінде мектеп бітірушілерді психологиялық қолдау психологтың жылдық жұмыс жоспарына сай жүргізді. Профилактикалық іс – шаралар топтық оқу жаттығулары және диагностикалық тапсырмалар (суалналар, шағын дәрістер, тестер, анкеталар, проективті әдістемелер, проективті сызбалар және т.б.) түрінде өткізілді. Оқушылар «Еңбек қабілеттілігін қамтамасыз ету шарттары», «Емтиханға қалай дайындалу керек», «Ойлауды, есте сақтауды, зейінді қалай дамыту керек», «Стрессті қалай женуге болады», «Психологиялық қорғау әдістері», «Табысқа қадам», «Бітіру емтихандарына қалай дайындалуға болады?» атты кеңестерді тыннады.

Емтихандарды тапсырар алдында оқушылар психологтың бақылауында болады және қажетті ұсыныстар алады: «Интелектуалдық мүмкіндіктерді жүмылдыратын әдістемелер», эмоционалдық күйзелісті жеңілдету әдістерін тәжірибеде қолдану, күтпеген жағдайда көніл-күйді жою, ресурсты табу, сенімді мінез-құлық және он көзқарас.

### **3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі.**

Жұмыс оқушыларға, педагогтарға және ата-аналарға психологиялық қолдау көрсетуден, сондай-ақ окуда қындықтары бар және тұлғалық дамуындағы оқушыларды ерте анықтаудан тұрады; Оқушыларға мектептегі қындықтарды, әлеуметтік және эмоционалдық проблемаларды жеңуге психологиялық-педагогикалық көмек көрсету; Бұзылған функцияларды әзірлеу және түзету бойынша бағдарламаларды әзірлеу және енгізу; Білім беру үдерісі субъектілерінің психикалық және әлеуметтік деңсаулығын нығайту, жағдайларды жобалау; Оқушылардың қабілетіне, бейімділігіне, қызығушылықтарына, деңсаулық жағдайына қарай мүмкіндіктерін анықтауға көмек көрсету.

Білім беру процесінің субъектілеріне ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға толерантты көзқарасты, белсенді әлеуметтік өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыруға және қызметтің ақпараттық-әдісттемелік және диагностикалық кешенін қалыптастыруға және дамытуға көмектесу. Жыл бойы жұмыс жүргізді, атап айтқанда: ерекше оқуды талап ететін оқушылар танымдық белсенділігі мен эмоционалдық-тұлғалық сферасының даму деңгейін анықтау, ерекше оқуды талап ететін оқушылардың мектепке сәйкес дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау, жеке бағдарлама құру, түзету-

дамыту жұмыстарын жүргізу, оқушыларға жеке көзқарасты қалыптастыру, оқушылармен түзету-дамыту жұмыстарының жеке бағдарламаларын және олардың оқу-тәрбиелік іс әрекеттерде оқушыларға қажетті психологиялық – педагогикалық көмек көрсету, ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру, ата-аналарға баланы қолдау үшін ұсыныстар берілді.

**4. Психологиялық кеңес беру – балалар мен ересектер психологқа жүгінетін мәселелерді шешуге көмектесетін жұмыс желісі.**

Балалар, ата-аналар және педагогтерге психологиялық көмек ретінде оқушының өзінің жүгінуі, мұғалімдер мен ата-аналардың сұранысы бойынша балаларға арналған жеке кеңестер берілді.

Оқушылар арасында психологқа негізінен орта және жоғары сынып оқушылары кәсіптік бағдар беру, ата-аналармен, құрдастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынас, эмоционалдық проблемалар, өзін-өзі реттеу мәселелері, танымдық процестердің деңгейін арттыру сияқты мәселелер бойынша жүгінді.

Педагогикалық ұжым мүшелері, сынып жетекшілері және пән мұғалімдері өтініш береді.

Ата-аналар балаларының тәрбиесі мен білімі туралы сұрақтарға жүгінді(агрессия, бағынбау, мінез-құлқытағы ауытқулар, оқытудағы сәтсіздіктер, жас дағдарыстары және т.б.). Педагогикалық ұжым мүшелері, сынып жетекшілері, тәрбиешілер және пән мұғалімдерінен психологтарға әр түрлі сұраныстар түсіп, психологтардың тарапынан психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді.

Мұғалімдерді көбінесе сыныптағы оқушылардың қарым-қатынасын жақсарту, оқушылардың девиантты мінез-құлқын жою, , сонымен қатар танымдық белсенділік, мотивация мәселелері, сынып ұжымдары мен жекелеген оқушылардың даму перспективалары қызықтырады. Бір қуантарлығы, мұғалімдер өздерінің тәжірибесін, қарым-қатынас құрудагы проблемаларын, эмоционалдық реакцияларын көбірек біледі, жағымсыз тәжірибелерді бейтараптандырудың тиімді жолдарын және өзін-өзі реттеу жолдарын іздейді. Ата-аналардың сұранысы бойынша да психологиялық жеке кеңестер бірталай жүргізілді. Осылардың барлығы жеке кеңес журналына тіркеліп отырды.

## **5. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс мынадай түрде ұсынылады:**

- әдістемелік кеңестерге, консультацияларға, директормен және педагогикалық кеңестермен кездесулерге қатысу, педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен «№2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей интернаты» КММ аясында тақырыптық оқыту семинарларын өткізу.

- психологтардың облыстық, қалалық семинарларына қатысу  
- құжаттау, анықтамалар, есептер дайындау, психологиялық қызмет жұмысын бақылау, көрсету және талдау

Жаңа оқу жылында ата-аналармен жұмысты жандандыруды жоспарлап дарынды балаларға көбірек көңіл бөлу (зерттеу ынтасын, аудиториямен жұмыс істеу қабілетін, коммуникативті мәдениетін дамыту).

Мектеп-лицей директоры:  Шамуратова Р.Ш.

Директордың тәрбие ісі  
жөніндегі орынбасары:  Есмаганбетова Б.Н.

Педагог-психолог:  Ж.Б.Аманжол